

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2026 жылғы 14 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2026 жылғы 23 шілдедегі № 122-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған қабылдануы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2026 жылғы 14 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңымен негізделген құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тізбенің 1-тармағында көрсетілген құқықтық актінің жобасын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президентіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық құқықтық актілердің қабылдануын көздесін;

3) ай сайын, 30-ы күнінен кешіктірмей, тізбеге сәйкес құқықтық актілердің әзірленуі және қабылдануы туралы ақпаратты жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру объектісінде орналастырып тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі көрсетілген Заңды іске асыру жөніндегі жиынтық ақпаратты талдап, қорытындыласын және ай сайын, 5-і күнінен кешіктірмей, жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру объектісінде орналастырып тұрсын.

Премьер-Министр

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2026 жылғы 23 шілдедегі
№ 122-ө өкімімен
бекітілген

Қабылдануы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2026 жылғы 14 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңымен негізделген құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Құқықтық актінің атауы	Құқықтық актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	Құқықтық актілердің сапасына, уақтылы әзірленуі мен енгізілуіне жауапты адам
1	2	3	4	5	6

1.	"Қазақстан Республикасын ың мемлекеттік наградаларымен наградтауға ұсынудың және оларды тапсырудың тәртібі туралы нұсқаулықты, Қазақстан Республикасын ың мемлекеттік наградалары құжаттарының үлгілерін және Қазақстан Республикасын ың мемлекеттік наградалары белгілерінің сипаттамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 8 қараша № 90 Өкіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі	МАМ	2026 жылғы шілде	Р. Али
2.	"Азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің нысанды киімінің сипаттамасын, айырым белгілерін, сондай-ақ оны киіп жүру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы 4 шілдедегі № 266 бұйрығына өзгерістер мен	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің бұйрығы	ТЖМ	2026 жылғы шілде	

	толықтырулар енгізу туралы				К. Тұрсынбаев
3.	"Ішкі істер органдары қызметкерлеріні ң нысанды киімінің сипаттамасын, айырым белгілерін, сондай-ақ оны киіп жүру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 707 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығы	ІІМ	2026 жылғы шілде	А.Сайтбеков

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

МАМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі;

ТЖМ – Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;

ІІМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі.